

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақсу қаласы Евгеньевка селолық округі әкімінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 1-09/03 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 25 ақпанда № 4316 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қаласы Евгеньевка селолық округі әкімі міндетін атқарушының 2015 жылғы 3 қарашадағы № 1-09/05 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қаласы Евгеньевка селолық округі әкімі міндетін атқарушының 03.11.2015 № 1-09/05 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабы 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Ақсу қалалық аумақтық инспекциясы басшысының ұсынысы негізінде, ірі қара малдан бруцеллез ауруы анықталуына байланысты, **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Ақсу қаласы Евгеньевка селолық округінің "Сергей" шаруа қожалығы аумағында мал шаруашылығы саласы бойынша шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Ақсу қаласының ветеринария бөлімі" (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Ақсу қалалық аумақтық инспекциясы" (келісім бойынша) мемлекеттік мекемелері, Ақсу қаласы бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі Ақсу қалалық басқармасы" (келісім бойынша) республикалық мемлекеттік мекемесі анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитарлық қолайлы жағдайға қолжеткізу үшін қажетті ветеринариялық-санитарлық іс-шаралар өткізсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен соң қолданысқа енгізіледі.

Евгеньевка селолық
округінің әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"
"Ақсу қаласының
ветеринария бөлімі"
мемлекеттік мекеменің
басшысы
2015 жылғы "20" ақпан

М. Дүйсенби

В. Шанов

"КЕЛІСІЛДІ"

*"Ақсу қаласы бойынша
тұтынушылардың құқықтарын
қорғау бойынша Ақсу
қалалық басқармасы"
республикалық мемлекеттік
мекеменің басшысы*

А. Жалелов

2015 жылғы "20" ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

*"Қазақстан Республикасы
Ауылшаруашылығы министрлігінің
ветеринариялық бақылау және
қадағалау Комитетінің Ақсу
қалалық аумақтық
инспекциясы" мемлекеттік
мекеменің басшысы*

Ғ. Батаев

2015 жылғы "20" ақпан